

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Жамбыл облыстық аумақтық инспекциясының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурс туралы хабарландыру

Барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс қатысушыларына арналған ортақ біліктілік талаптары:

С-О-5 санаты үшін: жоғары білімі

мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі орталық, облыстық немесе қалалық деңгейдегі құқық қорғау органдарының немесе арнайы мемлекеттік органдарының лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

5) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық жалақысы

№	Санаты	Лауазымдық жалақысы қызмет өткерген жылдарын есептегенде	
		min	max
1.	С-О-5	83 353	112 526

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жамбыл облыстық аумақтық инспекциясы 080011, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Пушкин көшесі, 140 б үй, анықтама үшін телефондар: факс 8(7262) 43-29-63, 45-24-46; электрондық мекен-жайлары: abdikeeva.v@minagri.gov.kz, kurmanalieva.a@minagri.gov.kz

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Өсімдіктер карантині және фитосанитариялық бақылау бекеттері жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына (С-О-5 санаты, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Облыс аумағында қолайлы фитосанитариялық ахуалдың сақталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының аумағына карантинді объектілердің әкелінуін және таралуын болғызбау мақсатында мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, облыс аумағына карантинді объектілердің әкелінуін болғызбау, олардың таралу ошақтарын уақтылы анықтау, оқшаулау және жою мақсатында карантинге жатқызылған өнімді тұрақты карантиндік жете тексерулерді, үлгілерін іріктей отырып, оған зертханалық сараптама, ішінара бақылау зерттеп-қарауларды жүргізу, карантиндік құжаттарды қарау және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралардың орындалуын мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық қадағалауды жүзеге асыру өсімдік және азық-түлік ресурстарын қорғау, карантинді объектілерге қарсы күреске бюджет қаражатының болжанбаған шығындарына жол бермеу, карантинге жатқызылған өнім мен мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерін қарап-тексеру, жете тексеру, фитосанитариялық сараптама жүргізу және қажет болған кезде залалсыздандыру, жою кезеңінде, сондай-ақ оларды фитосанитариялық не карантиндік сертификатсыз тасымалдау кезінде немесе фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кідіртіп қою, мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне баруға және оларда Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан зерттеп-қарауды жүргізуге, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат алу.

Жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына карантинді объектілердің таралу ошақтарында және көлікте өсімдіктер карантині жөніндегі қажетті іс-шаралар жүргізу туралы нұсқамалар шығару, Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының бұзылуына жол берген лауазымды адамдарды, жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту, карантиндік нысандарға қарсы жүргізілген карантиндік іс-шаралардың тиімділігін тексеру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жөніндегі заңнамалары талаптарына сәйкес фитосанитариялық және карантиндік сертификаттар беру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: ауылшаруашылық ғылымдары саласындағы (агрономия немесе өсімдік қорғау және карантин немесе топырақтану және агрохимия немесе жеміс-көкөніс және жүзім шаруашылығы) немесе техникалық ғылымдар және технологиялар саласындағы (астықты сақтау және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы немесе биотехнология (өсімдік шаруашылығы бойынша) немесе жаратылыстану ғылымдары (биология) саласындағы білім.

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымды сәйкесінше мамандандыру салаларындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерінің орындалуы үшін қажетті басқа да білімдер.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу Қағидаларының 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) тиісті персоналды басқару қызметімен құжаттарды тапсыру күніне дейін күнтізбелік 30 күн ішінде расталған қызметтік тізім.

Құжаттарды қабылдау мерзімі барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен **бастап 3 жұмыс күнінің ішінде**, жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша орналасқан ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің Жамбыл облыстық аумақтық инспекциясына тапсырылуы тиіс.

Барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не «E-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Құжаттар электронды түрде мемлекеттік органның электрондық почтасы не «E-gov» электрондық үкімет порталы немесе «е-қызмет» интегралды ақпараттық жүйесі арқылы берілген жағдайда олардың түпнұсқасы әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін, құжаттарды қарау қорытындысы бойынша әңгімелесуге жіберілген кандидаттар әңгімелесуге жіберілгені туралы хабардар ету күнінен бастап **үш жұмыс күн ішінде** Тараз қаласы, Пушкин көшесі, №140 Б, мекенжайда орналасқан ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің Жамбыл облыстық аумақтық инспекциясында әңгімелесуден өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұрғын жай жалдау, тұру, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар конкурс комиссиясы шешімімен келіспеген жағдайда шешім қабылданған күннен бастап **бес жұмыс күн ішінде** уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шағымдана алады.

«Б» корпусының мемлекеттік
әкімшілік лауазымына
орналасуға конкурс өткізу
қағидаларының 2-қосымшасы

Нысан

_____ (мемлекеттік орган)

Өтініш

Мені _____

_____ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

Мекен жайы және байланыс телефоны _____

_____ (қолы)

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

«__» _____ 20__ ж.